

**«ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ» (Т2)
ПӘНІ БОЙЫНША СЫРТҚЫ
ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ
ТЕСТ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ**

11-сынып

Мазмұны

1.	Бағалау мақсаты	3
1.1	Халықаралық стандарттармен байланысы	3
1.2	Оқу бағдарламасымен байланысы	3
1.3	Критериалды бағалау моделімен (КБМ) байланысы	3
2.	Сыртқы жиынтық бағалауға шолу	3
2.1	Бағалау міндеттері	4
3.	Емтихан жұмысының сипаттамасы	4
3.1	1-емтихан жұмысы: Оқылым мен жазылым	4
3.2	2-емтихан жұмысы: Эссе	5
3.3	Балдардың үлестірілуі	6
3.4	Емтиханды өткізу тілі	6
4.	Емтиханды өткізу процесін басқару	6
5.	Балдарды қою процесі	6
6.	Бағаларды қою процесі	7
6.1	Бағалар сипаттамасы	7
7.	Сұрақтар және балл қою кестелерінің үлгісі	7
7.1	1-емтихан жұмысы: Оқылым мен жазылым	8
7.2	2-емтихан жұмысы: Эссе	15

1. Бағалау мақсаты

Бағалау мақсаты – оқушының оқу процесінде алған білімі мен білігінің деңгейін, сондай-ақ олардың жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын қолдана алу қабілетін анықтау.

1.1 Халықаралық стандарттармен байланысы


11-сыныптағы «Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т2) пәні бойынша сыртқы жиынтық бағалау тапсырмалары AS Level халықаралық стандартына сай құрастырылған.

1.2 Оқу бағдарламасымен байланысы

11-сыныптың сыртқы жиынтық бағалауы 11-сыныптағы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ NIS-Programme Білім беру бағдарламасының мазмұнын қамтиды. Оқушылардың білімі мен білігінің деңгейі, сондай-ақ дағдылары «Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т2) пәні бойынша оқу бағдарламасының күтілетін оқу нәтижелерімен анықталады.

1.3 Критериалды бағалау моделімен (КБМ) байланысы

Сыртқы жиынтық бағалау Критериалды бағалау моделінің бір бөлігі болып табылады, сонымен бірге оған қалыптастырушы бағалау және ішкі жиынтық бағалау кіреді.



2. Сыртқы жиынтық бағалауға шолу

Барлық оқушылар екі емтихан жұмысын орындайды.

1-емтихан жұмысы: Оқылым мен жазылым	105 минут
Оқушылар берілген 5 сұрақтың барлығына жауап береді. Сұрақтар қазақ тіліндегі мәтіннен алынған 2 үзіндіге құрылып, сөздік қор мен грамматикалық құрылымды дұрыс қолдануын тексереді. Одан әрі мәтінді түсінуге арналған сұрақтар беріледі. Соңғы сұраққа жауап бергенде оқушылар үзінділерге сілтеме жасай отырып, өз көзқарасын қосып, 140 сөзден тұратын жауап жазады. Берілген тапсырманың сұрақтары оқушылардың тілді қолдана алуы мен мәтінді түсіну дағдыларын (жалпы түсіну үшін оқу, нақты ақпаратты алу үшін оқу, астарлы мағынаны түсіну үшін оқу, жол арасынан оқу) көрсетуін және өз ойы мен көзқарасын жеткізе білуін, қорытынды жасай алуын бағалайды.	
Жалпы балл санының 60%-ы	
2-емтихан жұмысы: Эссе	60 минут

Оқушылар берілген 5 сұрақтың біреуін таңдап, қазақ тілінде 250-280 сөзден тұратын эссе жазуы қажет. Барлық сұрақтар 11-сыныпта оқылған оқу бағдарламасының тақырыптарына сай құрылған. Берілген тапсырма оқушылардың жазылымда өз ойларын жинақтап, идеяларды дамыта отырып, ғаламдық және ұлттық мәселелермен байланыстыра алу дағдыларын, сонымен бірге лексикалық бірліктер мен грамматикалық құрылымдардың, тілдік құралдардың дұрыс қолданылуын бағалайды.

Жалпы балл санының 40%-ы

2.1 Бағалау міндеттері

Бағалау міндеттері оқу бағдарламасы мен оқу жоспарындағы оқу мақсаттарына сай келеді.

1-БМ	Коммуникативтік құзырлық Оқушы: • сыныпқа лайықты түрлі ақпарат көздерінен алынған жазбаша, ауызша мәтіндерге жауап беру және түсінуі; • ақпаратты іріктеуі, бағалауы және талдауы, белгілі бір стильде қолдануы, сәйкес деңгей бойынша ұсынуы; • дәлелдер мен идеяларды дәйектілікпен ресімдеуі; • өз көзқарасын білдіре отырып идеяны түсіндіруі, бақылауы, жеке пікірін білдіруі тиіс.
2-БМ	Тілдік құзырлық Оқушы: • ауызша және жазбаша формалардың стандартты шарттарын ескеріп, деңгейге сәйкес синтаксистік құрылымдарды, лексикалық мысалдарды таңдай отырып тілді қолдануы; • грамматикалық және конвенциялық нормаларды ескеріп, деңгейге сәйкес лингвистикалық тәсілдерді қолдана отырып, әр түрлі стильде түрлі мәтіндер (әлеуметтік, мәдени) құрастыруы тиіс.
3-БМ	Мәдениаралық құзырлық және заманауи қоғам туралы білімі Оқушы: • әлеуметтік және мәдениаралық сұрақтар бойынша өз көзқарасын білдіруі және түсінуі; • қазіргі қоғам және ұлттық мәдениет туралы білімін көрсетуі тиіс.

3. Емтихан жұмысының сипаттамасы

Барлық оқушылар 2 емтихан жұмысын орындайды.

1-емтихан жұмысы оқылған мәтінді түсіну мен жазу дағдыларын бағалауды көздейді.

2-емтихан жұмысында эссе жазылып, оқушының жазылым жұмысын дәйекті және дәл жоспарлай алуы, идеясын нақты жеткізуі бағаланады.

3.1 1-емтихан жұмысы: Оқылым мен жазылым

Оқушыларға 60 балмен бағаланатын 5 сұраққа жауап беруге жалпы 1 сағат 45 минут беріледі. 5 сұрақ бөлімдерге бөлінген. Барлық бөлімдер міндетті болып есептеледі. Барлық сұрақтар қазақ тілінде, сондықтан жауаптар да қазақ тілінде болуы шарт. Оқушыларға өтілген материалдан 650 сөзден тұратын 2 мәтін үзіндісі беріледі. Оқушылар нақты және жалпы түсінікке арналған сұрақтарға жауап беріп, мәтінге байланысты сәйкестендіру мен қорытынды жасау тапсырмаларын орындаулары қажет. Берілген тапсырма оқушылардың

тілді қолдану мен мәтінді түсіну дағдыларын (жалпы түсінуге арналған оқылым, нақты ақпаратты айқындауға арналған оқылым, жол арасынан оқу), қорытынды жасауы және өз ойы мен көзқарастарын нақты жеткізе білуін бағалайды. Жауап балл қою кестесіне сәйкес бағаланады.

Бөлім	Бағалау міндеттері	Балл	Сипаттамасы
1	1-БМ 2-БМ 3-БМ	1-сұрақ - 5 2-сұрақ - 5 3-сұрақ -15 (оның ішінде 10 балл - мазмұны үшін, 5 балл - тілі үшін) Барлығы= 25 балл	Бірінші бөлімде бір мәтінге үш сұрақ беріледі. Бірінші сұрақта оқушылар мәтіннен сөздердің сәйкес мағыналарын табады. Екінші сұрақта оқушылар сөйлемді берілген сөздерден бастап, мағынасын сақтай отырып өз сөздерімен қайта жазады. 1,2-сұрақтар бойынша сөздердің лексикалық мағынасын түсінуі мен грамматикалық дағдылары бағаланады. 3-сұрақ түсінікке бағытталған, яғни ашық сұрақтарға берген жауабы арқылы мәтіндерді түсінгені бағаланады.
2	1-БМ 2-БМ 3-БМ	4-сұрақ 10 (мазмұны) 5 (тілі) Барлығы 15 балл	Екінші бөлім бір мәтін негізінде құрылған бірнеше сұрақтан тұрады. 4-сұрақта оқушылардың нақты сұраққа жауап беру дағдысы және сұрақ бойынша жалпы түсінігі бағаланады.
3	1-БМ 2-БМ 3-БМ	5-сұрақ 10 (мазмұны) 5 (жауап) 5 (тіл) Барлығы 20 балл	Үшінші бөлім екі құрылымдық сұрақтан тұрады: 5 (а) и 5 (б). Бесінші сұрақта оқушылар оқылған 1-2-мәтіндердің идеялары мен дәлелдерін қолдана отырып, өз пікірлерін білдіре отырып, ұсынылған мәтіндердің сұрақтары бойынша қорытынды жасап, салыстыру арқылы жауап жазады (көлемі 140 сөзден аспайды). 5-сұрақ оқушылардың оқылған мәтіндерден ақпаратты пайдалану, өз пікірін білдіру, тілді сауатты пайдалану қабілетін бағалайды. Бұл сұрақ оқушылардың мәтіндердегі (үзінділердегі) тақырыптарды жаһандық, ұлттық және әлеуметтік және /немесе мәдени мазмұндағы тақырыптармен байланыстыру қабілетін де бағалайды.
Барлығы		60	

3.2 2-емтихан жұмысы: Эссе

Оқушыларға 40 балмен бағаланатын эссе жұмысын орындауға 1 сағат беріледі. Берілген жұмыс оқушылардың өз ойларын дамыта жазуын, тілді дұрыс қолдануын, жаһандық және ұлттық мәселелердегі тақырыптарды байланыстыра алуын, сондай-ақ, лексикалық бірліктер мен грамматикалық құрылымдарды сауатты қолдануын бағалайды. Тапсырма бағалау кестесі бойынша бағаланады.

Бағалау міндеттері	Балдар	Сипаттамасы
--------------------	--------	-------------

1-БМ 2-БМ 3-БМ	40	Емтихан жұмысы 5 сұрақтан тұрады. Оқушылар берілген 5 сұрақтың ішінен 1 сұрақты таңдап, қазақ тілінде 250-280 сөзден тұратын эссе жазады. Тапсырма оқушылардың тілді дұрыс қолданғанын (20 балл) және мазмұны мен ұйымдастырылуын (20 балл) бағалайды.
Барлығы 40 балл		

3.3 Балдардың үлестірілуі

Жалпы бағалау мен әр емтихан тапсырмасы үшін қойылған балл саны төменде берілген.

Бағалау міндеттері	1-емтихан жұмысы. Оқылым мен жазылым	2-емтихан жұмысы. Эссе
1-БМ	25	16
2-БМ	25	16
3-БМ	10	8
Барлығы	60	40

3.4 Емтиханды өткізу тілі

Емтихан қазақ тілінде өтеді.

4. Емтиханды өткізу процесін басқару

Емтихан қауіпсіздік шараларының барлығын қатаң түрде сақтай отырып, Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларының оқу жетістіктерінің сыртқы жиынтық бағалауын ұйымдастыру және өткізу туралы Нұсқаулықтың талаптарына сай өткізіледі. Нұсқаулық келесі негізгі тармақтарды қамтиды:

- емтихан материалдары және олардың қауіпсіздігі;
- мұғалімдердің, кезекшілердің және әкімшіліктің міндеттері;
- емтихан өткізуге арналған материалдар мен аудиторияларды дайындау;
- жазбаша және практикалық емтихандарды өткізу үшін сәйкес келетін аудиторияларды дайындау;
- емтихан кезінде оқушыларға бақылау жасау рәсімін сипаттау.

5. Балдарды қою процесі

Балл қою процесі бас емтихан алушы, топ лидерлері және емтихан алушылардан тұратын аттестациялық комиссия күшімен жүзеге асырылады. Әрбір емтихан жұмысы бойынша балл қою үшін емтихан алушылар топтары құрылады. Оларды топ лидерлері басқарады.

Балдарды қою кезінде барлық емтихан алушылар балл қою кестесінің бірдей нұсқасын пайдаланады. Балл қою кестесінің дұрыс қолданылуын және бағалаудың әділдігін қамтамасыз ету мақсатында емтихан алушының тексерген жұмыстарын топ лидерлері, бас емтихан алушы таңдамалы түрде қайта тексереді.

6. Бағаларды қою процесі

Әрбір пән бойынша бағалау нәтижелері А*, А, В, С, D және Е әріптік бағалары түрінде қойылады, мұндағы А* бағасы оқу жетістіктерінің ең жоғарғы деңгейі, ал Е бағасы ең төменгі деңгейі болып табылады.

U бағасы (қанағаттанарлықсыз) оқушының оқу бағдарламасы материалын меңгермегенін білдіреді.

Оқушылардың пән бойынша оқу жетістіктерінің бағасы әр емтихан жұмыстарының бағаларынан емес, барлық емтихан жұмыстарының жалпы балынан шығарылады.

Тест спецификациясында негізгі бағалардың (А, С және Е) сипаттамасы берілген. Аттестациялық комиссия осы бағалардың шекараларын кәсіби ой-пікір және оқушылардың нәтижелері негізінде анықтайды. А*, В және D бағаларының шекаралары арифметикалық жолмен анықталады.

А*, А, В, С, D және Е бағалары қорытынды бағаға аударылады.

6.1 Бағалар сипаттамасы

Негізгі бағалардың сипаттамасы оқушылардың мүмкіндік деңгейін анықтайтын белгілі бір стандарт жөніндегі жалпы түсінігін қалыптастыру үшін беріледі.

Баға	Сипаттамасы
А	Оқушылар өздерінің жетік деңгейдегі қабілеттерін көрсетеді: • түрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді түсінеді және оларға сәйкесінше жауап береді; • қажетті стильде жазылған түрлі тақырыптарға қатысты ақпараттарды нақты ұсынады және талдайды; • ұлттық және мәдени мәселелермен қатар басқа да тақырыптарға бақылау жасайды және жеке көзқарасын нақты, айқын білдіреді; • лексикалық және тілдік құрылымдарды кеңінен қолданып, тілді меңгергенін нақты, орынды көрсетеді.
С	Оқушылар қанағаттанарлық деңгейдегі қабілеттерін көрсетеді: • бірнеше дереккөздерден алынған жазбаша мәтіндерді түсінеді және сәйкесінше жауап береді; • түрлі тақырыптарға сәйкес ақпаратты талдайды және ұсынады; • ұлттық және мәдени мәселелермен қатар басқа да тақырыптарға бақылау жасайды және жеке көзқарасын білдіреді; • кейбір лексикалық және тілдік құрылымдарды қолданып, тілді меңгергенін көрсетеді.
Е	Оқушылар шектеулі деңгейдегі қабілеттерін көрсетеді: • түрлі дереккөздерден алынған жазбаша мәтіндерді түсінеді және жауап береді; • түрлі тақырыптарға сай ақпаратты ұсынады; • ұлттық және мәдени мәселелермен қатар басқа да тақырыптарға бақылау жасайды және жеке көзқарасын білдіреді; • шектеулі лексикалық және тілдік құрылымдарды қолданып, тілді меңгергенін көрсетеді.

7. Сұрақтар және балл қою кестелерінің үлгісі

Балл қою кестесі екі түрге бөлінеді: жалпы және арнайы. Жалпы балл қою кестесі жекеленген сұрақтардың нақты мазмұнына сілтеме жасамайды, тек сұрақтарға қолдануға арналған. Арнайы балл қою кестесі әр емтихан кезеңі үшін әр түрлі болып келеді. Жеке сұраққа қатысты арнайы мазмұны бар және сұрақпен бірге жазылады.

Төменде мысал ретінде сұрақтар көрсетілген.

Әрбір сұрақтың соңында оған берілетін балл көрсетілген, мысалы [2].

Балл қою кестесі әр сұрақтан кейін беріліп, қай сұраққа қандай балл қойылатындығы көрсетіледі.

7.1 1-емтихан жұмысы: Оқылым мен жазылым

Төменде берілген емтихан жұмысы бойынша мысалдар келтірілген. Бұл толық сұрақ кітапшасы емес.

1-бөлім.

Берілген мәтінді оқып, төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.

Жасөспірімнің жан дүниесі нәзік, сезімтал болып келеді. Үлкендердің айтқан сөздерін, іс-әрекеттерін, бұқаралық ақпарат құралдарынан (теледидар, газет, журналдардан т.б.) көргенінің барлығын тез қабылдап, шындық деп есептейді. Міне, сондықтан да ақпарат көздері мен телехабарларда үнемі беріліп отыратын жағымсыз мәліметтер жастардың жан дүниесіне кері әсер етуде. Ақпарат құралдары жасөспірімдерге сабақ болсын деп қылмыскердің іс-әрекетін жан-жақты жазады. Ал кейбір жасөспірімдер қылмыскерге «еліктеп», оның әрекетін қайталайды. Олардың қылмыс жасаған кезде қандай сезімде болғанын білгісі келеді.

Белгілі бір аудандарда қылмыс деңгейі ерекше жоғары болады, алайда сол аудандарда өскен жасөспірімдердің барлығы қылмыскер болады деп айта алмаймыз. Десек те, бұл жерде тұратын жас балалардың заңды бұзу, қылмыс жасау пайызы басқа аудандарға қарағанда бірнеше есе жоғары болады.

Заң бұзуға, қылмыс жасауға итермелейтін фактордың бірі – оқушының мектептегі үлгерімі. Зерттеу нәтижесінде жасөспірімдердің арасында мектепті тастап кетудің бірнеше себептері анықталған. Осы себептерге баланың мектептегі тәртібінің нашарлығы, оқуға деген ынтасының болмауы, мектептегі жетістіктерінің төмендігі жатады. Сыныптастарымен, мұғалімдерімен және ата-анасымен ортақ тіл табыса алмауы да оқушы психикасына әсер етеді.

Қылмыс жасауға тұлғалық факторлар да әсер етеді. Арнайы жүргізілген зерттеу бойынша қылмыс жасағандар құқық қорғаушыларды ұнатпайтын, өздеріне сенімсіз, тез ренжігіш, өзін басқара алмайтын болып келеді. Кейбіреулері өзін жек көріп, өзін-өзі төмен бағалайды. Осындай адамдар тобы істеген іс-әрекетін мойындамай, барлығын қоршаған орта мен өзге адамдардан көріп, басқаларды кінәлайды. Кей жағдайда заңды бұзу жүйке әлсіздігінен, қорқыныштан, мазасыздықтың әсерінен де болуы мүмкін.

Жасөспірімдер қылмысының алдын алу үшін оларды қоғам тарапынан қадағалау қажет. Қадағалаудың екі түрі бар. Біріншісі – тікелей қадағалау. Оған шектеу қою мен жазалау жатады. Ата-аналар баланың уақытында сабақтан келуін, жолдастарымен қарым-қатынасын қадағалап тексеруі тиіс. Баланың кейбір әрекеттеріне шектеу қойып отыру керек. Екінші түрі – көмекші қадағалау. Бұл – сыйластық және махаббат. Ата-анасына және басқа адамдарға махаббатпен, сыйластықпен қараған бала көп жағдайда қылмысқа бармайды. Жасөспірімдер өздеріне үміт артқан, сенім білдірген адамдарды ренжітіп, көңілін қалдырғысы келмейді.

Кез келген қоғамдағы қылмыстың азаюы да, көбеюі де, сол мемлекеттегі әлеуметтік, экономикалық және психологиялық жағдайға қатысты екенін естен шығармау керек.

1-сұрақ**Мәтіннен мына сөздердің сәйкес мағыналарын табыңыз.**

- а) жылдам _____ [1]
- ә) ұдайы _____ [1]
- б) ықылас _____ [1]
- в) бақылау _____ [1]
- г) ұмытпау _____ [1]

Барлығы: [5]**1-сұрақ. Балл қою кестесі**

Әрбір дұрыс жауап үшін 1 балл қойылады.

Сұрақ	Жауап
1а	тез
1ә	үнемі
1б	ынта
1в	қадағалау
1г	естен шығармау

2-сұрақ**Төменде берілген әр сөйлемді өз сөзіңізбен қайта жазыңыз. Сөйлемдеріңізді берілген сөздермен бастаңыз.****Мысалы:**

Ал кейбір жасөспірімдер қылмыскерге «еліктеп», оның қандай сезімде болғанын білгісі келіп, сол қылмысты қайталайды.

Қылмыскерге _____**Жауабы:**

Қылмыскерге ұқсағысы келген, олардың сезімін білгісі келген кейбір жеткіншектер сол қылмысты қайталайды.

- а) Ақпарат құралдары жасөспірімдерге сабақ болсын деп қылмыскердің іс-әрекетін жан-жақты жазады.

Қылмыскердің _____

_____ [1]

- ә) Сыныптастарымен, мұғалімдерімен және ата-анасымен ортақ тіл табыса алмауы да оқушы психикасына әсер етеді.

Оқушының _____

_____ [1]

- б) Жасөспірімдер қылмысының алдын алу үшін оларды қоғам тарапынан қадағалау қажет.

Қоғам тарапынан
..... [1]

- в) Жасөспірімдер өздеріне үміт артқан, сенім білдірген адамдарды ренжітіп, көңілін қалдырғысы келмейді.

Үміт артқан, сенім білдірген
..... [1]

- г) Кез келген қоғамдағы қылмыстың азаюы да, көбеюі де, сол мемлекеттегі әлеуметтік, экономикалық және психологиялық жағдайға қатысты екенін естен шығармау керек.

Мемлекеттегі
..... [1]

Барлығы: [5]

2-сұрақ. Балл қою кестесі (толық нұсқа емес)

Әрбір дұрыс жауап үшін 1 балл қойылады.

Балл алу үшін орфографиясы мен грамматикасы дұрыс болуы керек.

Басқа мүмкін болатын жауаптар емтихан алушылармен кездесуде келісіледі.

Сұрақ	Жауап
2а	Қылмыскердің іс-әрекетін жеткіншектерге сабақ болсын деп ақпарат құралдары жан-жақты жазады / Қылмыскердің әрекетін ақпарат құралдары қылмыстың алдын алу мақсатында жан-жақты жазады
2ә	Оқушының сыныптастарымен, ұстаздарымен, отбасындағылармен ортақ тіл табыса алмауы да баланың мінез-құлқына ықпалы етеді.
2в	Мемлекеттегі әлеуметтік, экономикалық және психологиялық жағдай қоғамдағы қылмыстың азаюына/кемуіне, көбеюіне/артуына байланысты екенін ұмытпайық/естен шығармайық

3-сұрақ

Мәтіндегі мәліметтерді қолданып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз. Мүмкіндігінше өз сөзіңізбен жауап беруге тырысыңыз.

Әр сұрақтың балы жақшада берілген. Тіл сапасына қосымша 5 балл беріледі.

- а) Жасөспірімдер бұқаралық ақпарат құралдарынан көргендерін не себепті дұрыс деп есептейді?

.....
..... [1]

ә) Жасөспірімдер заң бұзушылардың қылмысын не үшін қайталайды? Екі себебін жазыңыз.

1

2 [2]

б) Жас балалардың құқық бұзу көрсеткішінің жоғары болуына не әсер етеді?

.....
..... [1]

в) Оқушының жаман жолға түсуіне не әсер етуі мүмкін? Кем дегенде екі себебін жазыңыз.

1

2 [2]

г) Қылмысқа баратындарға тән белгілер қандай? Кем дегенде екі белгісін жазыңыз.

1

2 [2]

ғ) Қандай балалар жаман жолға түспейді?

.....
..... [1]

д) Қоғамдағы заңсыз әрекеттердің деңгейі неге байланысты?

.....
..... [1]

Барлығы [10+5=15]

3-сұрақ. Мазмұны үшін балл қою кестесі (толық нұсқа емес)

Сұрақ	Жауап
3а	Жасөспірімнің жан дүниесі нәзік, сезімтал болғандықтан/жеткіншектердің жан дүниесі нәзік, сезімтал
3ә	1.Қылмыскерге/тәртіп бұзушыға еліктейді/ұқсағысы келеді 2.Оның қандай сезімде болғанын білгісі келеді/өзін қылмыскердің орнында сезінгісі келеді
3б	Мектептегі тәртібінің нашарлығы, оқуға деген ынтасының болмауы, сыныптастарының кері әсері, мұғалімдерімен және ата-анасымен ортақ тіл табыса алмауы, мектептегі жетістіктерінің төмендігі

2-бөлім

Берілген мәтінді оқып, төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.

Қылмыс жасаушы балалардың әлеуметтік жағдайлары әртүрлі. Бұл отбасылық тәрбиеге байланысты. Кейбір ата-ана балаға бар жағдайды жасайды, қалтасына ақша салып береді, бірақ бақыламайды. Бала не істегісі келсе соны істейді. Жастайынан жаман қылыққа жақын болады, сөйтіп қылмысқа ұрынады.

Ал кейбір жағдайы төмен отбасының балалары өз қатары сияқты сәнді киінгісі, жақсы ұялы телефон ұстағысы келеді. Оған ата-анасының жағдайы келмейді, сондықтан олар ұрлық жасайды. Әлі келетіндерге зорлық жасап, ақшасын тартып алады. Қылмыс жасаған, бірақ заң бойынша жасына байланысты бас бостандығынан айыруға болмайтын балалар бөлек, арнайы мектепте оқуы тиіс деп ойлайтын адамдар да кездеседі. Бұрын да ондай мектептер болған. Мұндай мектептерде арнайы мамандар тәлім береді. Баламен үнемі психолог мамандар жұмыс істейді және бақылап отырады. Қасында еркелететін ата-анасы да болмайды. Бала еркіндіктің қадірін түсінетін болады.

Жалпы мектептерде де тәрбиесі қиын балалар жиі кездеседі. Олармен көбіне жас психолог мамандар жұмыс істейді. Мұндай балалармен жұмыс істеуде олардың тәжірибесі аз. Оның үстіне, күнделікті ата-анасының қасында болып, еркіндікте жүрген соң бала қылмыс жасағанын да сезінбейді.

Ал, психолог мамандар қылмыс жасаған балалардың бәрін бөлек, арнайы мектепке жіберу дұрыс емес дейді. Олардың ойынша, балалар әртүрлі жағдайда қылмысқа ұрынады. Бүгінгі таңда әрбір мектепте психоаналитик болуы қажет. Бұл – заман талабы. Ата-ана мен мектеп арасында тығыз байланыс болуы тиіс. Өкінішке орай, балаға дұрыс жол көрсетудің орнына «менің балам ондай емес» деп жанжалдасуға дайын тұратын ата-аналар да бар. Мұндай жағдай баланың жаман жолға түсуіне себеп болады. Тағы бір себебі – баланың тұлға болып қалыптасуына қоршаған ортаның тигізетін ықпалы. Егер теріс қадамы үшін баланы арнайы мектепке жіберсек, ол оның психологиясына кері әсер етеді. Қасындағы тәрбиеге көнбейтін баланың ықпалына еріп кетуі де мүмкін. Сондықтан, баланың болашағын ата-анасы сәби кезінен ойлауы керек. Олармен тең дәрежеде сөйлесіп, сенім білдіріп отыру қажет. Балаға кішкене кезінен бастап олардың құқықтары мен міндеттері туралы айтқан жөн. Қысқасы, ойланатын мәселе.

4-сұрақ

Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз. Мүмкіндігінше өз сөздеріңізбен жауап беруге тырысыңыз.

Әр сұрақтың балы жақшада берілген. Тіл сапасына қосымша бес балл беріледі.

а) Баланың ойына келгенін істеуіне қандай екі себеп әсер етеді?

.....
..... [2]

ә) Аз қамтылған отбасындағы балалар жасөспірімдер неліктен қылмысқа барады?

1
2 [2]

б) Заң бұзған балаларды еркіндігінен неге айырмайды?

.....
..... [1]

в) Жалпы мектептерде оқитын тәртібі нашар балалар неліктен заң бұздым деп ойламайды?)

.....
..... [1]

г) Психолог мамандар баланың келешегін ойлайтын ата-аналарға қандай кеңесбереді? Кем дегенде екеуін жазыңыз.

1
2 [2]

ғ) Мәтін бойынша, қылмыс жасаған балаларды арнайы мектептерде оқытып, бөлектеудің дұрыс және дұрыс емес екенін түсіндіріңіз.

.....
..... [2]

Барлығы [15]

4-сұрақ. Мазмұны үшін балл қою кестесі (толық нұсқа емес)

4а	1. Ата-анасы баласының жағдайын жасап, қалтасына ақша салып береді 2. Ата-ананың бақыламауы/қадағаламауы
4ә	Мұндай/бұл жағдай баланың/жасөспірімнің жаман/теріс жолға түсуіне себеп болады/әкеледі.
4б	Өз қатары/жолдастары/құрбылары сияқты сәнді/әдемі киінгісі келеді, жақсы/соңғы үлгідегі ұялы телефон ұстағысы/алғысы келеді. Оған ата-анасының/отбасының жағдайы/мүмкіндігі келмейді.

3-бөлім

5-сұрақ

Екі мәтіндегі ақпаратты қолданып және өз пікіріңізді қосып, төмендегі сұрақтарға кемінде **140 сөзден** тұратын жауап жазыңыз.

(а) Жасөспірімдер арасында қылмыс неге көбейіп барады?

(б) Жасөспірімдер арасында қылмысты азайту үшін сіз қандай ұсыныс берер едіңіз?

[Барлығы: мазмұнына, мәтіндердегі идеяларды/ақпараттарды/аргументтерді қолдануына 10 + жеке жауабына 5 + сөйлеу тілінің сапасына 5 = 20]

5-сұрақ. Балл қою кестесі

Мазмұны, мәтіндердегі ақпараттарды қолдануы	Материалға берілген жеке жауабы	Сөйлеу тілінің сапасы (әр түрлілігі мен нақтылығы)
9-10 Өте жақсы Оқушы оқыған мәтінінен алынған идеялар мен дәлелдерді өте жақсы өңдейді және оларды тиімді түрде қолданады.	5 Өте жақсы Мазмұнда қабілеттілігі мен қиялын көрсететін түрлі ойлары мен идеялары мол; жеке көзқарасын жеткізе білу қабілеттілігі дамыған.	5 Өте жақсы Лексикалық сөздік қоры мол және тілдік құрылымдарды шебер қолданған. Жауабы жүйелі және нақты. Қателері аз. Күрделі тілдік құрылымдарды дұрыс қолданады (етістіктің түрлері, шақтары, жалғаулықтар, сөздердің орын тәртібі, сабақтас құрмалас сөйлемдерді қолдану)
7-8 Жақсы Оқушы мәтінде ұсынылған бірқатар идеялар мен дәлелдерді өңдеп, қолдана алады және оларды орынды қолданады.	4 Жақсы Мазмұнда қабілет пен қиялын көрсететін идеяларды аздау қолданғанымен, жұмысында өз ойын жеткізе алатыны байқалады, қойылған сұрақтарға жауап береді, қызығушылық танытады.	4 Жақсы Лексикалық сөздік қорды және күрделі тілдік құрылымдарды дұрыс қолданады. Жалпы жауаптары нақты, елеусіз қателер кетіргенімен, лексикалық және грамматикалық элементтерді білетіні көрінеді.
5-6 Қанағаттанарлық Оқушы мәтіндерде келтірілген кейбір идеялар мен дәлелдерді ішінара өңдейді және кейбір жағдайларда оларды орынды қолданады.	3 Қанағаттанарлық Әр түрлі ойлары жеткілікті. Тек бір сұраққа жауап бергенімен, мәтіннің негізгі ойын аша алады.	3 Қанағаттанарлық Лексикалық сөздік қоры мен тілдік құрылымдарды білуі қанағаттанарлық. Жауаптары жуық. Шақтарды, етістіктерді және тілдік құрылымдарды қолдануы көбіне қарапайым деңгейде, бірақ дұрыс құрылған. Сын есімдер, жалғаулықтар мен

		етістіктерді дұрыс қолдануда қиындықтар бар.
3-4 Төмен Оқушы мәтінде берілген идеялар мен дәлелдерді шектеулі түрде қолданады, бірақ оларды контексте орынсыз қолданады.	2 Төмен Ойы шектеулі. Мәтіннің негізгі идеясын ашпайды және шығармасы тақырыппен байланыспайды.	2 Төмен Лексикалық сөздік қоры мен тілдік құрылымдарды білуі шектеулі. Сын есімдер, жалғаулықтар мен етістіктерді дұрыс қолдануда қиындықтар бар. Қарапайым тілдік құрылымдарды қолданады, қателіктер кетіреді.
1-2 Өте төмен Оқушы сұраққа мәтіннен алынған ақпаратты пайдаланбай жауап береді.	1 Өте төмен Тақырып бойынша аз ой ашылды. Мәтінге жеке жауап жоқ.	1 Өте төмен Лексикалық сөздік қоры өте шектеулі және тілдік құрылымдарды білмейді. Қателер өте көп және қайталанады. Грамматикалық тұрғыдан білімі аз немесе мүлдем жоқ. Көптеген тілдік құрылымдары аяқсыз немесе қате.
0 Дұрыс жауап бермеді.		

7.2 2-емтихан жұмысы: Эссе

Берілген бес сұрақтың **біреуін** таңдап, қазақ тілінде 250-280 сөзден тұратын эссе жазыңыз.

Қай сұраққа жауап беретініңізді көрсетіңіз. Тиісті шаршыға қанат белгісін (✓) қойыңыз.

1 ☐

2 ☐

3 ☐

1. Қазіргі қазақстандық фильмдердің көрермендері көбейіп келеді. Осы пікір туралы көзқарасыңыз қандай?

[40]

2. Адамдар қоқыстың зардабын, оның экологияға әкелетін қаупін әлі толық сезінбей жүр. Осы пікір туралы ойыңыз қандай?

[40]

3. Ұлттық ою-өрнегі бар тауарларды пайдалану қазіргі таңда сәнге айналды. Осы пікірмен келісесіз бе?

[40]

4. Қазіргі еңбек нарығында клинингтік қызмет түрі үлкен сұранысқа ие. Бұл қажеттіліктен туындап отыр деп ойлайсыз ба?

[40]

5. Протеин денсаулықты нығайтып, денені сымбатты етеді деген пікірмен келісесіз бе?

[40]

2-емтихан жұмысы: Жазылым. Балл қою кестесі

Мазмұны мен дұрыс жазылуы (20 балл)	Тілі (20 балл)
17-20 Өте жақсы Жауап толық, нақты негізделген және өте жақсы суреттелген; күрделі идеяларды тиімді ашады. Мысалдар мен сілтемелерді орынды қолданады. Көтерілген мәселені (тақырыпты) жан-жақты талдай отырып, өз пікірін бірнеше аргументтермен дәлелдейді. Тақырыпты толық ашады. Абзацтар бір-бірімен логикалық жағынан байланысқан. Эссе құрылымын (кіріспе, негізгі, қорытынды бөлім) сақтайды..	17-20 Өте жақсы Құрмалас сөйлемдерді дұрыс және сәйкес келтіріп жазған, сөздік қоры мол, стильдік қолданысы өте дұрыс. Қазақ тілінің емле және тыныс белгі ережелерін сақтайды, елеусіз қателері бар.
13-16 Жақсы Жауап толық, нақты негізделген және жақсы суреттелген; қарапайым және күрделі идеяларды тиімді ашады. Мысалдар мен сілтемелерді орынды қолданады. Көтерілген мәселені (тақырыпты) талдай отырып, өз пікіріне аргументтер келтіреді. Тақырыпты жақсы ашады. Абзацтар бір-бірімен логикалық жағынан байланысқан. Эссе құрылымын (кіріспе, негізгі, қорытынды бөлім) сақтайды.	13-16 Жақсы Жай және құрмалас сөйлемдерді дұрыс және сәйкес қолдануға тырысады, сөздік қоры жеткілікті, стильдік қолданысы дұрыс. Грамматикалық формаларды көбіне сәйкесінше жақсы қолданады; елеусіз қателері ақпарат беруге кедергі келтірмейді.
9-12 Қанағаттанарлық Жауапта бірнеше мысалдар келтірілген, бірақ барлық жағдайда негізді емес; қарапайым идеяларды ашқанымен, суреттеуі аз. Аргументтер әлсіз, тақырып ашылмаған. Абзацтар бір-бірімен логикалық жағынан байланыспайды. Эссе құрылымын (кіріспе, негізгі, қорытынды бөлім) сақтайды.	9-12 Қанағаттанарлық Жай сөйлемдерді дұрыс қолданады; күнделікті лексикалық минимумды қолданады; стильдік қолданысы көбінесе дұрыс. Қарапайым грамматикалық формаларды қолданады; қателері бар, бірақ ақпарат беруге кедергі келтірмейді.
5–8 Төмен Негізгі тақырыпты ашуға тырысады, бірақ көптеген қателіктер мен сәйкессіздіктер кездеседі; тек қарапайым идеяларды ашады. Аргументтер әлсіз, тақырып ашылмаған. Ойы жүйесіз берілген. Эссе құрылымын (кіріспе, негізгі, қорытынды бөлім) сақтайды.	5-8 Төмен Сөздік қоры шектеулі, жай сөйлемдерді қолданады; қайталаулар көп, сөздік қоры мен стильдік қолданысы жеткіліксіз. Орфография мен негізгі грамматикалық формалар қате қолданылған; мағынасы кейде түсініксіз.
0–4 Өте төмен Жауап түсініксіз, тақырыпқа байланысты сілтемелер аз; сұраққа жауап бермеді. Тақырып ашылмаған. Ойы жүйесіз берілген. Эссе құрылымын (кіріспе, негізгі, қорытынды бөлім) сақтамайды.	0–4 Өте төмен Тек қарапайым сөйлемдер мен шектеулі сөздік қорды қолданады; көп құрылымдары аяқталмаған және қате. Көптеген қателіктер жіберген, түсінуге қиындық келтіреді.

